

**Қ. И. Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ жанындағы Металлургия және
материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің
№ 5 ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ**

Алматы қ.

«30» маусым 2022 ж.

ҚАТЫСҚАНДАР:

Тұрақты құрамы: Кенжалиев Б. К. – диссертациялық кеңестің төрағасы, Смагулов Д. У. – диссертациялық Кеңес төрағасының орынбасары, Бурабаева Н.М. – диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, Скопов Г.В., Абдулвалиев Р.А., Исмаилов М.Б.

Уақытша құрамы: Шевко В.М., Сариев О.Р., Толымбекова Л.Б., Нурғали Н.З., Ақуов А.М., Абдулина С.А.

Металлургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор Кенжалиев Бағдәулет Кенжалиұлы.

Металлургия және материалтану жөніндегі диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы – техника ғылымдарының кандидаты Бурабаева Нурила Муратовна.

Күн тәртібі:

Жүнісқалиев Талғат Тоқашұлының 6D070900 – Metallургия мамандығы бойынша PhD философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған «Қазақстанның жоғары күлді көмірлері мен марганец кендерін қолданып Fe-Si-Mn-Al тобындағы кешенді лигатур өндірісінің теориялық негіздерін дамыту және технологиясын жетілдіру» тақырыбында диссертациялық жұмысын қорғауы.

Ғылым кеңесшілер:

1. Нурумғалиев Асылбек Хабадашевич – техника ғылымдарының докторы, профессор «Қарағанды индустриялық университеті»Ке АҚ, «Металлургия және материалтану» кафедрасы, Теміртау қ., Қазақстан.

2. Мухамбетғалиев Ербол Кенжеғалиұлы – PhD, ҚР минералды шикізатты кешенді қайта өңдеу ұлттық орталығының филиалы Ж. Әбішев атындағы Химия-металлургия институты, «Болат металлургиясы және материалтану» зертханасының меңгерушісі, Қарағанды қ., Қазақстан.

3. Заякин Олег Вадимович – техника ғылымдарының докторы, профессор, «РГА Орал бөлімінің металлургия институты» ФМБҒМ «Болат және ферроқорытпа зертханасы, Екатеринбург қ., Ресей Федерациясы.

Ресми рецензенттер:

1. Жунусов Аблай Каиртасович – техника ғылымдарының кандидаты, «Toraighyrov university» КеАҚ-ның «Металлургия» кафедрасының профессоры, 6D070900 – Metallургия мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

2. Самуратов Ерулан Кайыржанович – техника ғылымдарының кандидаты, «ERG Capital Projects» ЖШС-нің инженер-технологы, 6D070900 – Metallургия мамандығы бойынша 5 ғылыми жарияланымдары бар.

ТЫҢДАҒАНДАР:

Докторант Жүнісқалиев Талғат Тоқашұлының сөз сөйлеуі, ол өз баяндамасында диссертациялық жұмыстың мәнін баяндап берді. Баяндама презентация түрінде ұсынылды. Баяндама барысында келесі сұрақтар қойылды:

1. Зерттелетін мәселенің өзектілігі
2. Диссертациялық зерттеудің мақсаты мен міндеттері
3. Алынған нәтижелердің жаңалығы мен маңыздылығын негіздеу
4. Қорғауға шығарылатын ғылыми ережелер
5. Диссертацияның практикалық маңыздылығы

Кеңес төрағасы Б. К. Кенжалиев келесі кезеңге – жұмысты талқылауға көшуді ұсынды. Сөз ресми рецензенттерге берілді. Ресми рецензенттер ұсынылған диссертациялық жұмыстың ғылыми жаңалығы мен практикалық маңыздылығының жоғары деңгейін атап өтті. Рецензенттер жұмыстың сапасы мен өзектілігін төмендетпейтін келесі ескертулерді атап өтті:

1. Диссертациялық жұмыста алынған кешенді лигатураны болат балқыту өндірісінде қолданудың ғылыми-зерттеу жұмыс нәтижелері, яғни болат құрамына қалай әсер етеді, қанша ферроқорытпаны толықтай ауыстыра алатындығы сияқты мәселелер толықтай қарастырылмаған.

2. Диссертациялық жұмыста ҚР-дың құрамында марганец бар шихта материалдарынан және жоғары күлді көмірлерінен Fe-Si-Mn-Al құрайтын кешенді лигатуралар алу технологиясын әзірлеу қарастырылады. Ғылыми нәтижелері мен қорғауға шығарылған қағидалары жаңа тың мәліметтер болып саналады. Алғаш рет Fe-Si-Mn-Al металдық жүйесінің үштік қосылыстарын қолдану арқылы қорытпаның шашырауына әкелетін болжамды аймақ анықталған және оның нәтижесі кешенді лигатура өндірісі үшін үлкен қолданбалы рөл атқарады. Дегенмен, диссертациялық жұмыста алынған кешенді лигатураның осы аралықта өз-өздігінен шашырауы практикалық тұрғыдан қарастырылмаған.

3. Кешенді лигатураларды болатты оттексіздендіру және өндеу кезінде қолдануға болады, ферросилиций, силикомарганец, ферромарганец және алюминий сияқты дәстүрлі ферроқорытпа маркаларын ішінара немесе толығымен алмастыра отырып, болаттың өзіндік құнын төмендетуге,

кремний мен алюминий көміртегі тотығының төмендеуіне, сондай-ақ болатты металл емес қоспалардан терең тазартуға әкелуі керек. Осы уақытқа дейінгі жасалған ғылыми-зерттеу жұмыстарынан айырмашылығы неде? Осыған дейін неліктен алынып отырған марганец, кремний және алюминий негізіндегі лигатура/қорытпа өндірістік бағытта ФСА қорытпасы сияқты жолға қойылмаған деген сауал туындайды.

Рецензенттердің сөзінен кейін докторант **Т.Т. Жүнісқалиев** сөз сөйледі, докторант ресми рецензенттердің сұрақтарына және ескертулеріне толық жауап берді. Рецензенттер докторанттың жауаптарына қанағаттанды.

ЖАСЫРЫН ДАУЫС БЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ:

«ҚОЛДАЙМЫН» -- 14 дауыс
«ҚАРСЫМЫН» - жок

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

Жүнісқалиев Талғат Тоқашұлы қорғау нәтижелері және дауыс беру нәтижелері бойынша Диссертациялық кеңес оған 6D070900 – «Металлургия» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беру туралы шешім қабылдады.

Металлургия және материалтану бойынша Диссертациялық кеңестің төрағасы, техника ғылымдарының докторы, профессор



Кенжалиев Б.К

Металлургия және материалтану бойынша Диссертациялық кеңестің ғылыми хатшысы, техника ғылымдарының кандидаты

Бурабаева Н.М.